

Г. П. Аринова^{1*}, С. П. Аринова¹, В. И. Кузнецова¹, А. И. Аринова¹

ОФТАЛЬМОЛОГИЯ МЕН ОТОРИНОЛАРИНГОЛОГИЯНЫ ҮЙРЕТУДЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

^{1*}Қарағанды медицина университетінің хирургиялық аурулар кафедрасы (Қарағанды, Қазақстан)

Гульнара Пасевноевна Аринова – к.м.н., профессор кафедры хирургических болезней Медицинского университета Караганды; e-mail: Arinovag@qmu.kz, тел.: +77025439289

Офтальмология және оториноларингология пәндері бойынша хирургиялық аурулар кафедрасында қолданылатын заманауи оқыту әдістері пәнаралық байланыстар, симуляциялық тренинг, компьютерлік модельдеу студенттерге негізгі құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді, тәуелсіз кәсіби қызметке дайын заманауи маманның жүйелі ойлауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер: медициналық білім, оқытудың заманауи әдістері

Болашақ дәрігерлердің оқыту сапасын арттыру – оқу үрдісінің маңызды міндеті болып табылады [2].

Қазіргі заманғы жағдайда өздігінен ойлай білетін, құзырлы дәрігерлерді дайындау мен тәрбиелеп шығару оқытудың инновациялық әдістерімен, оқыту үрдістерінде сабақ берудің интерактивті технологияларын қолданумен тікелей байланысты [10].

Кафедра қызметкерлері аталған сұрақтың маңыздылығын толық түсінеді. Коллективте қазіргі заманғы оқу әдістердің көмегімен студенттердің оқуға деген қызығушылығын оята алатын, оқытуды маңызды қылатын, түрлі деңгейге бағыттап отырып, студенттің жеке қабілетін аша отырып оқытатын, студентпен кері байланысты қамтамасыз ететін оқытушы ғана білікті мамандарды дайындайтынына сенімі зор.

Аталған уақытта симуляциялық технологиялар медицинадағы жоғары білімнің барлық деңгейінде белсенді түрде енгізілуде: базалық жалпы медициналық дағдылардан бастап, қосымша кәсіби білім беруден бастап, тәжірибелі дәрігерлердің командалық жұмыс дағдыларымен аяқталаы.

Топтық дебрифинг қазіргі заманғы медициналық білім беру жағдайында симуляциялық тренингті талдаудың тиімді әдісі болып табылады [4]. Симуляциялық оқытудың әртүрлілігі – оқыта отырып (ресми) ойнау әдісі осы технологияны жүргізу кезінде кең таралған әдістердің бірі болып табылады. Ойын түріндегі иммитациялық әдістер (ресми ойын, рольдік жағдаяттар) оқыту процесінде кеңінен қолданылады [1].

«Офтальмологиядағы алғашқы көмек» практикалық сабағында симуляцияға қатыса отырып, үйренушілердің кәсіби ісіне жақын жағдаяттар ойналады. Клиникалық жағдайды талдау кезінде студенттерге көз алмасына тікелей жарақат алған зардап шегушіге диагнозды қою, жалпы практикадағы дәрігер деңгейінде алғашқы көмекті көрсету, ауруды одан әрі қарай бақылауға алу міндеті жүктеледі. Рольдерге бөлінгеннен кейін (АСМК жалпы практика дәрі-

гері, жедел жәрдем дәрігері, қабылдау бөлімінің кезекші дәрігер-офтальмологы, офтальмологиялық бөлімнің меңгерушісі) студенттер аталған жағдайды өз деңгейлерінде белсенді түрде талқылай бастайды. Клиникалық диагнозды нақтылау үшін қосымша объективті зерттеу әдістері (көз ішінде бөгде дененің болуымен көз алмасының тікелей жарақатын алған көз шарасы рентгенограммасын сипаттау) қолданылады.

Оқытушы тренинг барысында болып жатқан оқиғаға баға бермейді, қатысушыларға берілген өз рольдеріне сай әр қатысушының жағдаятын анықтау және өздігінен бақылау мақсатында тек сұрақтар қояды. Өздігінен шешім қабылдап, оны айтып шыққаннан кейін, қойылған диагноздың дұрыстығы мен көмек көрсету кезеңіндегі тактикалық қателіктер талқыланады. Пікірталас негізінде үйренушілердің теориялық білім деңгейі, тәжірибені бағалау және оның нәтижелері, жеке қорытындылары мен қатемен жұмыс айтылады.

Бағалау жүйесі кәсіби стандарттар мен клиникалық нұсқаулықтар негізінде жүргізіледі. Сабақтар тартысты, қызықты өтеді, барлық топ белсенді түрде жұмыс жасайды. Сауал парағын қолдану сабақтың соңында кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Сұрау барысында студенттер өздерінің тек теориялық білімдерінің артқанын ғана көрсетіп қоймай, сонымен бірге, симуляциялық тренинг барысында дебрифингке жалғастыра отырып, практикалық дағдыларын да жақсартқанын байқауға болады.

Мәселені анықтай отырып кәсіби пікірталас жүргізу – оқушылардың білім және біліктерін бекітуге, кәсіби құзіреттілікті, коммуникативті дағдыларды пысықтауға ықпал етеді [6].

Пәнаралық байланыстардың, ЖОО-дағы оқу үрдісінің тұтастығындағы жаңа дидактикалық концепцияның дамуы медициналық білімді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Пәнаралық интеграция кешенді модульдік оқыту идеясы негізінде жүргізіледі.

Дәстүрлі біріккен оқыту дәрістері, семинарлар, практикалық сабақтар және пәнаралық

оқу-әдістемелік кешендерін құру пәнаралық интеграцияның ең кең таралған формасы болып табылады. Қазіргі заман тілімен айтатын болсақ, пәнаралық интеграцияның бұл – маманды дайындаудың барлық кезеңдерінде білімдері мен практикалық дағдыларын біріктіру: студенттердің кешендік, өзара байланысты және ғылыми түсінігі мен құзіреттілігінің тұтастық жүйесін қалыптастыру мақсатында түрлі оқу пәндері мазмұнының өзара әсер етуі, өзара кірігуі және өзара байланыс жасауы[3,6].

Медициналық көмек көрсетудің көріністік сипаты ретінде медициналық қателіктің маңызды себебін көрсету мақсатын ескере отырып жүргізілген кіріккен оқу сабақтары пәнаралық интеграцияның кең таралған формаларының бірі болып табылады. Бірле бір медициналық мамандықтың науқастың денсаулығына кешенді бақылауда барлық қажеттілігін қанағаттандыруға қабілетті болмауымен байланысты[5].

Кіріктіру мақсатында көп көлемде ақпараты бар екі пәнді біріктіре отырып, тақырыптар бойынша білім және білік дағдылары бойынша «Риногенді орбиталды және бас ми ішіндегі асқынулар» тарауларын біріктірдік.

Студенттерді кіріктіру құралдарының көмегімен диагностика, дифференциалды диагностика бойынша кәсіби білім, білік және дағдыларын қалыптастыру және құзіреттілік ыңғай негізінде риногенді, көз шарасының мен бас ми ішіндегі асқынуларын емдеу, анатомия, гистология, физиология, микробиология, иммунология, патологиялық анатомия, патофизиология – базалық пәндерді оқыту үрдісі бойынша алынған білімді оқу үрдісінде қолдану – курстың мақсаты болып табылады. Пәнаралық өзара әсер ету негізінде жүргізілген сабақтар кәсіби міндеттерді шешу үшін адам ағзасындағы патологиялық үрдістерді бағалаудың тұтастығын қалыптастыруға жағдай жасады; студент құзіреттілігінің қалыптасқан сапасы мен студенттің кәсіби жұмысына дайындық деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Бір оқу пәннің ішіндегі, сонымен қатар түрлі циклдар арасындағы пәнаралық кірігуі қазіргі заманғы маманның ойлау жүйесінің қалыптасуы мен пәнаралық байланысты ұйымдастыруыда қабілетті болып, студенттердің оқыту кезінде барлық құзіреттілікті қалыптастыруына және дамытуына мүмкіндік береді [2].

СВЛ педагогикалық әдісі – клиникалық жағдай негізінде оқыту кафедрада кеңінен қолданылады. СВЛ технологиясы үшін кератиттер, иридоциклиттер, глаукоманың жедел ұстамасы сияқты қызыл көз синдромына арналған ең маңызды деген тақырыптар таңдалынды. Студенттер клиникалық жағдайды шешу кезінде үлкен жауапкершілікпен қарайды, олардың командада жұмыс істеуі, коммуникативты дағдыларын жақсарады. Проблемеларды тереңірек түсіну үшін дифференциалды диагноз жүргізіледі, бұл клиникалық ойлауды қалыптастыру және білімді игеру үшін пайдалы деп есептеледі. Студент шын мәнінде ауру көздің ауру ағзамен байланысын бағалайды, бұл офтальмопатологиядағы

жергілікті емдеу мен кешенді емдеудің қажеттілігін болдырады [7,11].

Оқу үрдісінде оқытушы тарапынан ұсынылған проблеманы шешуде студенттерді тартуға және әлеуметтік, коммуникативтік дағдыларын өздігінен оқу дағдыларын жақсартуға мүмкіндік беретін проблемалық-бағдарлы оқыту қолданылады[9].

Жекелеген практикалық сабақтар «Миға шабуыл» интерактивті оқытудың тиімді әдісімен жүргізіледі. Негізінен бұл «Тор қабық пен көру нервінің жедел тамырлы бұзылулары» сияқты ауыр ауруларға қатысты.

Біздің тарапымыздан арнайы платформада электронды оқыту құрастырылды және сәтті қолданыста болуда. Компьютерлік модельдеу шынайы жағдайға ұқсас, науқастарды шынайы бақылау ұсынылады, клиникалық және коммуникативты дағдыларды меңгеруге, сонымен бірге кез келген адамның ауруын немесе денсаулық жағдайын елестетуге мүмкіндік береді[8]. «Электронды науқас» компьютерлік бағдарламасында диагностикалау мен емдеудің дұрыс және қате нұсқалары қолданылады. Оқушы проблеманы шешу барысында қате нұсқаларды да шеше отырып дұрыс жауапқа келеді. Студенттер арасында сауалнама жүргізу арқылы аталған оқыту түрінің практикалық тиімділігі бағаланды. Оқушылардың қанағаттану белгісі клиникалық ойлауды қалыптастыруда және педагогикалық шеберліктің жоғарылауында маңызды болып табылатын оқуға деген жоғары қызығушылығын, мәселені шешу және танымдық іс-әрекетке деген ұмтылысын көрсетті.

Сонымен, офтальмология және оториноларингология пәндері бойынша хирургиялық аурулар кафедрасында қолданылатын қазіргі заманғы оқыту әдістері студенттердің бойында негізгі құзіреттілікті қалыптастыруға, өздігінен кәсіби іс-әрекетке дайын қазіргі заманғы маманның ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Офтальмология және оториноларингологияда оқыту технологияларын қолдану студенттердің материалға деген қызығушылық пен игеру сапасын арттырады, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытады және өздігінен үнемі жетіліп отыру талпынысы мен болашақ мамандығына деген шексіз қызығушылығын қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТ

1. Малыгина О.Г., Лейхтер С.Н., Лепешкин С.Ю., Бажукова Т.А. Опыт использования деловой учебной игры у студентов медицинского вуза // медицинское образование и профессиональное развитие. 2021. Т. 12, № 3. С.35-42. DOI: <https://doi.org/10.33029/2220-8453-2021-12-3-35-42>
2. Пшенникова Е. В. Междисциплинарная интеграция в рамках модульного образования в медицинском институте. Вестник Северо-восточного федерального университета им. М.К. Аммосова /Е. В. Пшенникова, Н. В. Борисова, И. Ш. Малогулова //Медицинские науки. – 2017. – №1 (06). – С. 123-126

3. Стародубцев М. П., Варенцов М. А. Интеграция междисциплинарных знаний как основа развития компетенций курсантов военных вузов внутренних войск МВД России. // Ученые записки университета им. П. Ф. Лесгафта- 2014.- №5 (111)-С.175-179 DOI I:10.5930/issn 1994-4683.2014.05.111.p175-179

4. Юдаева Ю.А., Снасапова Д.М., Аксарова Л.Д., Соловых О.В., Свистунова В.А. Роль и место дебрифинга в симуляционном тренинге. // Современные проблемы науки и образования. – 2020. – № 2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29729>

5. Царев В.Н., Балмасова И.П., Маев И.В., Мкртумян А.М., Арутюнов С.Д. Мотивационная готовность к внедрению междисциплинарной образовательной траектории в медицинские вузы России // Медицинское образование и профессиональное развитие. 2021.Т.12, № 4.С.101-109. DOI:<https://doi.org/10.33029/2220-8453-2021-12-4-101-109>

6. Albert M., Friesen F., Rowland P., Laberge S. Problematizing assumptions about interdisciplinary research: implications for health professions education research // Adv. Health Sci. Educ. 2019. Vol. 25, N 3. P. 755-767. DOI I <https://doi.org/10.1007/s10459-019-09911-7>

7. Bela Turk, Sebastian Ertl, Guoruey Wong, Patricia P Wadowski, Henriette Löffler-Stastka. Does case-based blended learning expedite the transfer of declarative knowledge to procedural knowledge in practice?. BMC Med Educ. 2019 Dec 3;19(1):447. doi: 10.1186/s12909-019-1884-4

8. Chara Balasubramaniam, Terry Poulton Virtual patients: a year of change. Med Teach. 33:933-7. Shavelson R & Webb N (1991): Generalizability Medical Teacher. - 2011. - Vol. 33, N 11. - P. 933-937 doi:10.3109/0142159X.2011.613501.

9. Joan Carles Trullàs, Carles Blay, Elisabet Sarri, Ramon Pujo Effectiveness of problem-based learning methodology in undergraduate medical education: a scoping review BMC Med Educ. 2022 Feb 17;22(1):104. doi: 10.1186/s12909-022-03154-8

10. Ronald M. Harden, Jennifer M. Be fair to students: Four principles that lead to more effective learning.- Laidlaw-Medical Teacher Jan 2013, Vol 35, No.1:27-31.

11. Wanjun Zhao, Linye He, Wenyi Deng, Jingqiang Zhu, Anping Su, Yong Zhang. The effectiveness of the combined problem-based learning (PBL) and case-based learning (CBL) teaching method in the clinical practical teaching of thyroid disease. BMC Med Edu 2020 Oct 22;20(1):381. doi: 10.1186/s12909-020-02306-y.

REFERENCES

1 Malygina O.G, Lejkhter S.N., Lepeshkin S.Yu., Bazhukova T.A. Opy`t ispol`zovaniya delovoj uchebnoj igry` u studentov mediczinskogo vuza // mediczinskoe obrazovanie i professional`noe razvitie. 2021. T. 12, # 3. S.35-42. DOI: <https://doi.org/10.33029/2220-8453-2021-12-3-35-42>

2 Pshennikova E. V. Mezhdisciplinarnaya integracziya v ramkakh modul`nogo obrazovaniya v mediczinskom institute. Vestnik Severovostochnogo federal`nogo universiteta im. M.K. Ammosova /E. V. Pshennikova, N. V. Borisova, I. Sh. Malogulova // Mediczinskie nauki. – 2017. – #1 (06). – S. 123-126

3 Starodubczev M. P., Varenczov M. A. Integracziya mezhdisciplinarny`kh znanij kak osnova razvitiya kompetencij kursantov voenny`kh vuzov vnutrennikh vojsk MVD Rossii. // Ucheny`e zapiski universiteta im. P. F. Lesgafta- 2014.- #5 (111)-S.175-179 DOI I:10.5930/issn 1994-4683.2014.05.111.p175-179

4 Yudaeva Yu.A., Snasapova D.M., Aksarova L.D., Solovy`kh O.V., Svistunova V.A. Rol` i mesto debrifinga v simulyacziionnom treninge. // Sovremenny`e problemy` nauki i obrazovaniya. – 2020. – # 2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=29729>

5 Czarev V.N., Balmasova I.P., Maev I.V., Mkrtumyan A.M., Arutyunov S.D. Motivacziionnaya gotovnost` k vnedreniyu mezhdisciplinarnoj obrazovatel`noj traektorii v mediczinskie vuzy` Rossii // Mediczinskoe obrazovanie i professional`noe razvitie. 2021.Т.12, # 4.С.101-109. DOI:<https://doi.org/10.33029/2220-8453-2021-12-4-101-109>

6 Albert M., Friesen F., Rowland P., Laberge S. Problematizing assumptions about interdisciplinary research: implications for health professions education research // Adv. Health Sci. Educ. 2019. Vol. 25, N 3. P. 755-767. DOI I <https://doi.org/10.1007/s10459-019-09911-7>

7 Bela Turk , Sebastian Ertl , Guoruey Wong , Patricia P Wadowski , Henriette Löffler-Stastka. Does case-based blended-learning expedite the transfer of declarative knowledge to procedural knowledge in practice?. BMC Med Educ. 2019 Dec 3;19(1):447. doi: 10.1186/s12909-019-1884-4

8 Chara Balasubramaniam, Terry Poulton Virtual patients: a year of change. Med Teach. 33:933-7. Shavelson R & Webb N (1991): Generalizability Medical Teacher. - 2011. - Vol. 33, N 11. - P. 933-937 doi:10.3109/0142159X.2011.613501.

9 Joan Carles Trullàs, Carles Blay, Elisabet Sarri, Ramon Pujo Effectiveness of problem-based learning methodology in undergraduate medical education: a scoping review BMC Med Educ. 2022 Feb 17;22(1):104. doi: 10.1186/s12909-022-03154-8

10 Ronald M. Harden, Jennifer M. Be fair to students: Four principles that lead to more effective learning.- Laidlaw-Medical Teacher Jan 2013, Vol 35, No.1:27-31.

11 Wanjun Zhao, Linye He, Wenyi Deng, Jingqiang Zhu, Anping Su, Yong Zhang. The effectiveness of the combined problem-based learning (PBL) and case-based learning (CBL) teaching method in the clinical practical teaching of thyroid disease. BMC Med Edu 2020 Oct 22;20(1):381. doi: 10.1186/s12909-020-02306-y.

Поступила 16.11.2022

G. P. Arinova¹, S. P. Arinova¹, V. I. Kuznetsova¹, A. I. Arinova¹

APPLICATION OF TECHNOLOGY FOR STUDENTS IN TEACHING OPHTHALMOLOGY AND OTORHINOLARYNGOLOGY

¹Department of Surgical Diseases Karaganda Medical University (Karaganda, Kazakhstan)

In modern conditions, the training and education of competent, thinking doctors is directly related to modern teaching methods, with the use of interactive learning technologies in the educational process.

Modern teaching methods used at the Department of Surgical Diseases in the disciplines of Ophthalmology and otorhinolaryngology allow students to form core competencies, contribute to the formation of systematic thinking of a modern specialist ready for independent professional activity.

Key words: medical education, modern teaching methods

Г. П. Аринова¹, С. П. Аринова¹, В. И. Кузнецова¹, А. И. Аринова¹

ПРИМЕНЕНИЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ОФТАЛЬМОЛОГИИ И ОТОРИНОЛАРИНГОЛОГИИ

¹Кафедра хирургических болезней Медицинского университета Караганды (Караганда, Казахстан)

В современных условиях подготовка и воспитание компетентных, мыслящих врачей напрямую связано с современными методами преподавания, с использованием в образовательном процессе интерактивных технологий обучения.

Используемые на кафедре хирургических болезней по дисциплинам офтальмология и оториноларингология современные методы обучения позволяют студентам формировать основные компетенции, способствуют формированию системного мышления современного специалиста, готовых к самостоятельной профессиональной деятельности.

Ключевые слова: медицинское образование, современные методы обучения